

Ақтөбе университеті



1996 жылдың
12 наурызынан
бастап шығып
келеді

№ 16 (392)
30 қазан 2016 ж

Facebook "Ақтөбе Университеті" Газеті

ARGU им. К.Жұбанова

@argugazeti@mail.ru



Әсем қала Ақтөбеде орналасқан Батыс еңіріндегі белді оқу орны Жұбанов ордасына тағы да жаңа леп қосылды. Кеше ғана мектеп табалдырығында білім алып, үлкен арман әлемін шарлап, жоғары оқу орнына түссем деген ізгі ой қалықтаған буың бүгінде студент атанып, арманның ақ тұлпарын мініп, білім әлемін шарлауға дайын. Жас толқын жастардың жанарынан жарқын болашақ, үлкен арман-мұраттар байқалады. Бұл әсерге толы сәтке 28 қазан күні Студенттер сарайында өткен 1 курс студенттеріне арналған «Студенттік қатарға қабылдау» салтанатында куә болдық.

ЖАҢА ТОЛҚЫН - 2016

2016-2017 жылғы жаңа оқу жылында университетіміздің табалдырығын үш мыңға жуық талапкер аттаған. Олардың алты жүзге жуығы грант негізінде оқуға қабылданды, жүз елу студент Қызылорда, Шымкент, Маңғыстау, Тараз, Алматы қалаларынан келіп, «Серпін-2050» бағдарламасы бойынша білім алуда. Бұл күн студенттер кептен күткен ездерінің студенттік билеттеріне қол жеткізіп, ресми түрде студенттер қатарына қабылданған ерекше күн болып мәңгі естерінде қалары сезсіз.

Жас талапкерлердің құрметіне арналған мерекелік шараны тәрбие жұмысы және жастар саясаты бөлімінің мамандары мен университет қабырғасындағы белсенді студенттеріміз бірлесе отырып ұйымдастырған болатын. «Бірлесе кетерген жүк жеңіл» демекші, бірлікпен, бірауыздылықпен ұйымдастырылған шара өз нәтижесін берді. Бұған дәлел сол кештегі студенттеріміздің кетеріңкі кеңіл күйлері мен әлеуметтік желілерде білдірген жылы лебіздері, ыстық ықыластары еді.

Мерекелік шара ойын түрінде қызықты етіп өткізілді. Бірінші асып өнер көрсеткен өнерпаздар мен білімділер студенттік билетке тек мықтылар ғана лайық екендігін дәлелдеді. Концерт барысында, әуелі, кері санақтың жүргізілуі, кептен күткен күннің жеткендігін аңғартса, кештің ашылу сәті жүректері кеуделеріне сыймай тұрған студенттерімізді бір елең еткізді. Хабарлаусыз сахна терінде өнер көрсеткен өнерлі жігіттеріміздің заманауи биімен, мың бұралған қыздарымыздың да олардан қалыспай, билей жүріп, ән шырқауы керермендер қызығушылығын арттыра түсті. Ақындарымыздың суырып-салма өнерлерінің шындалған кезі, мағыналы да мәні бар арнауларынан студенттерге шашу шашуы, ұлттық мәдени-рухани мұрамыз қазақтың қара домбырасынан тегілген күйлер, жастарымыздың кетеріңкі билерімен онан қала берді, сан түрлі аспаптың бір арнаға тоғыса



сылдырлаған үні студенттердің кеңілің аулап, таңғалдырумен болды.

Талапкерлерді студенттер қатарына қабылдау үшін арналған бұл мерекелік бағдарлама екі ауысыммен өткізілді. Бірінші белімде студенттерге құттықтау тілегін айту үшін университет ректоры, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор К.К.Кенжебайұлына сөз берілді. Өз кезегінде оқу орда бас-

шысы жүрекарды тілегін айтып, студенттерге сәт сапар тіледі. Концерттің екінші белімінде тәрбие жұмысы және әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөніндегі проректор М.М.Орынбасарұлы студенттерге ақ жол тілеп, өз тілегін елең жолдарымен жеткізіп, студенттердің қошеметіне беленді.

Жансая КЕНЕШОВА,
филология факультетінің студенті



Ғалымның жаңа кітабы



Мемлекет және қоғам қайраткері, экономист-ғалым Үкітай Байжамартовтың «Өмірім мен еткелдерім» атты кітабы жарыққа шықты. Үкітай Байжамартовтың бұған дейінгі жазған қомақты дүниесі «Екі басты бүркіт бейнеленген түйме хикаясы» - «История пуговицы с двуглавыми орлами» деген атпен қазақ және орыс тілдерінде бір кітап болып жарық көрген болатын. Осы хикаяттың негізінде жазылған «Алтын түйменің азабы» драмасы Т.Ахтанов атындағы Ақтөбе облыстық драма театрында сахналанды.

«Өмірім мен еткелдерім» атты роман-эссе автордың бай да мағыналы өмірінің еткелдері мен еткелдері туралы кестелі тілмен шежірелі сыр шертеді. Қоспалы оқиға, өсіре бояусыз жүрек сезімен жазылған шығарма кім-кімнің де кеңілінен шығары күмәнсіз. Кітапқа сонымен бірге автордың хикаяты мен толғаныстары еніп отыр.

Кітап аннотациясынан алынды

Хабарландыру!

Құрметті оқытушылар және студенттер!

Университетімізде радио желісі жұмыс істей бастады. Радио үш бағытты қамтиды: жаңалықтар, хабарландырулар және құттықтаулар. Осыған орай радиоға ақпарат берудіңізге болады. Ол үшін argugazeti@mail.ru электронды поштасына, бас ғимараттың 200 «б» кабинетіне, 2006- редактор, Динара чатына жолдай аласыздар.

Радиодан жаңалықтар әр күн сайын сағат 11.20 және 12.30-да эфирге шығып отырады.

УНИВЕРСИТЕТТЕ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН 'АККРЕДИТТЕУ РӘСІМІ ӨТТІ



2016 жылдың 18-20 қазан аралығында Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университетінің 14 білім беру бағдарламасына Қазақстан Республикасы Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (АРТА) тарапынан мамандандырылған аккредиттеу рәсімі жүргізілді.

Аккредиттеу рәсімінің мақсаты – білім бағдарламаларының халықаралық стандарттарға сәйкестігін тану үшін аккредиттеу органы тарапынан жүргізілетін бағалау процесі. Дәлірек айтсақ, мамандандырылған аккредиттеу барысында университеттегі білім беруді ұйымдастыру мен жүзеге асыру, білім бағдарламаларының сапасы мен жалпы білім беру қызметінің мемлекеттік стандарттарға және нормативтерге сәйкестігі бағаланады.

Аккредиттеу жүргізілген мамандықтар:

- 5B010500-Дефектология
- 5B010700-Бейнеләу өнері және сызу
- 5B010800-Дене шынықтыру және спорт
- 5B011200-Химия
- 5B011300-Биология
- 5B011600-География
- 5B012000-Кәсіптік оқыту
- 5B012300-Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану
- 5B050300-Психология
- 5B060700-Биология
- 5B060800-Экология
- 6M050300-Психология
- 6M060700-Биология
- 6M060800-Экология.

Аталған рәсімді отандық және шетелдік сарапшылардан құралған АРТА Сыртқы сараптау комиссиясы жүзеге асырды. Комиссия төрағасы – Қазақ қыздар мемлекеттік педагогикалық университетінің оқу істері жөніндегі проректоры, п.ғ.к., доцент Тойбаев Әділет Жүнісұлы (Алматы қ.). Шетелдік сарапшы: б.ғ.к., доцент Дубась Галина Ивановна – Пермь мемлекеттік педагогикалық университеті, (Пермь қ., Ресей Федерациясы). Сарапшылар: п.ғ.д., профессор Шкутина Лариса Арнольдовна – Е.А.Бекетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (Қарағанды қ.); б.ғ.д., профессор Газизова Айгүл Идрисовна – С.Сейфуллин атындағы Қазақ агроэкономика, қаржы және халықаралық сауда университеті (Астана қ.); п.ғ.к., Сыздықова Сауле Жумабайқызы – Астана медицина университеті (Астана қ.); PhD докторы, қауымдастырылған профессор Алдунгарова Алия Кайратқызы – С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті (Павлодар қ.); хим.ғ.к., доцент Дүйсембиев Марат Жолдасбекұлы – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана қ.); ҚР Дизайнерлер одағының, Еуразиялық дизайнерлер одағының мүшесі Бодиков Сейфолла Жамауұлы – Е.А.Бекетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (Қарағанды қ.); п.ғ.к., Есекешова Марал Дүйсенейқызы – С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті (Астана қ.); Phd докторы Озгелдинова Жанар Өзгелдинқызы – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана қ.). Агенттік бақылаушысы: Мухтарова Инара Алкеновна – АРТА институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу жобасының жетекшісі (Астана қ.). Жұмыс берушілер: Кунанова Дамиля Бахиткерейқызы – «Атамекен» Кәсіпкерлер палатасы адами капитал дамыту бөлімінің жетекшісі (Ақтебе қ.); Альмуразаева Салтанат Ибрагимовна – Экологиялық сарапта-

ма бөлімінің бастығы (Ақтебе қ.); Иванько Юлия Алексеевна – «Еркемай» балабақшасының директоры (Ақтебе қ.). Комиссия құрамына студенттер: Байғалиева Айзада Аманжолқызы – С.Бәйішев атындағы Ақтебе университеті «Экология» мамандығының 3 курс студенті (Ақтебе қ.); Ерзакова Орынгуль Маратқызы – С.Бәйішев атындағы Ақтебе университеті «Педагогика және психология мамандығының 4 курс студенті (Ақтебе қ.); Сокол Вероника Юрьевна – Қазақ-орыс халықаралық университетінің 4 курс студенті (Ақтебе қ.); Ертлеуов Кайрат Ерланұлы – М.Оспанов атындағы Батыс-Қазақстан мемлекеттік университеті «Жалпы медицина» мамандығының 3 курс студенті (Ақтебе қ.) де тартылды.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университетінің ректоры, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор К.К.Кенжебаевтың қабылдауынан басталған аккредиттеу рәсімі сыртқы сарапшылардың университет проректорларымен және құрылымдық бөлімдер басшыларымен, институт директорымен, факультет декандарымен және бітіртуші кафедралар меңгерушілерімен сұхбаттасу жүргізуіне, аккредиттелетін білім бағдарламаларының оқу ғимараттары мен кафедраларына сырттай шолу жасауына жалғасты. Сонымен қатар, аккредиттелетін білім бағдарламалары бойынша кафедра құжаттарының стандарттарға сәйкестігін тексеріп,



сабақтарға қатысты, студенттермен, магистранттармен, ПО құрамымен, түлектермен жұмыс берушілермен кездесу еткізіп, олармен еркін тақырыпта сұхбаттасты.

Аталған кездесулерге аккредиттелетін білім бағдарламаларын жүзеге асыратын кафедралар құрамынан 91 оқытушы, 14 мамандықтың 751 студенті мен 41 магистранты, қаланың және облыстың түрлі мекемелерінен 62 жұмыс беруші және аккредиттелетін мамандықтардың 153 түлегі қатысты. Сұхбат барысында жұмыс тобы тарапынан берілген сұрақтарға барлық қатысушылар қанағаттанарлық деңгейде жауап берді. Сарапшылар сұхбаттасу нәтижесінде қатысушылардың бұл үдеріске үлкен жауапкершілікпен қарағандарына ризашылығын білдіріп, университет пен түлектер, жұмыс берушілер арасындағы кері байланыс тиісті деңгейде екендігін атап көрсетті. Сонымен қатар, Сыртқы сараптау комиссиясы аккредиттелетін мамандықтардың ПО құрамы мен білім алушыларына электронды нұсқада сауалнама жүргізді.

Мамандандырылған аккредиттеу рәсімі аясында сыртқы сарапшылар аккредиттелетін білім бағдарламаларының практика базалары мен кафедралардың өндірістегі филиалдарына да барды. Мысалы, Ақтебе ауыл шаруашылық тәжірибе станциясында орналасқан Биология кафедрасы филиалының, Ақтебе қаласы №40 орта мектебіндегі Бейнеләу өнері және кәсіптік оқыту кафедрасы филиалының жұмысымен танысты. Сонымен қатар, сыртқы сарапшылар университеттің «Нанотехнология» ғылыми зертханасында, Облыстық планетарийде, «ГидроЭкоРесурс-Л» ЖШС, «Ақбебек» оңалту орталығы» ЖШС, Облыстық олимпиада резервіндегі БЖСМ, «Облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру» мемлекеттік мекемесінде болып, ондағы қызметкерлердің, ғалымдардың жұмысына, университеттің қуатты материалдық-техникалық базасына, ғимараттарының ауқымына қызығушылық танытты.

Бағалау нәтижесінде сарапшылар тобы университет басшысы мен құрылымдық бөлім басшыларымен кездесіп, аккредиттеу рәсімі аясында еткен шаралардың жоғары деңгейде ұйымдастырылғандығын атап етіп, алғыстарын білдірді.

Бұл-аккредиттелетін мамандықтардың бітіртуші кафедралары мен университеттің стратегиялық даму және білім сапасын бағалау басқармасы тарапынан жүргізілген ауқымды жұмыстың жемісі. Ағымдағы жылдың сәуір айынан басталған кең келемді жұмыстың қорытындысы - 700 бетті құрайтын АРТА тарапынан жіберілген 9 стандартқа сәйкес жасалған мамандықтардың өзін-өзі бағалау есептері. Өзін-өзі бағалау есептерінде білім беру бағдарламаларына қатысты барлық академиялық деректер, мамандықтардың жетістіктері, ПО құрамы мен білім алушыларының академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысуы туралы мәліметтер, ПО құрамының ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыттары, мамандықтың кітап қоры мен материалдық-техникалық ресурстары жөніндегі ақпарат көрсетілді.

Сонымен қатар, стратегиялық даму және білім сапасын бағалау басқармасы университеттің құрылымдық бөлімшелерін аккредиттеу процесіне дайындау мақсатында семинарлар, нұсқаулықтар жүргізді, аккредиттеу рәсімі кезінде атқаратын жұмыстар белінісін белгіледі, мамандықтардың жұмыс берушілері мен түлектерін аккредиттеу аясында ететін кездесулерге қатыстыру жұмыстарын жүргізді, аккредиттеу рәсімі кезінде барлық шаралардың уақытылы етуін ұйымдастырды.

Осындай ауқымды ұйымдастырушылық жұмыстардың арқасында университетте мамандандырылған аккредиттеу рәсімі жоғары деңгейде өтті. Енді ағымдағы жылдың желтоқсан айында ететін Аккредиттеу кеңесінің шешімін күтетін боламыз.

Ерболат ДҮЗМАҒАМБЕТОВ,
аккредиттеу және рейтинг бөлімінің бастығы



19 қазан күні Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университетінде Қазақстанның халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері, Еңбек ері Әбіш Кекілбаевқа арналған «Ғұлама тұлға, ғибратты ғұмыр» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті.

ҰЛТЫН СҮЙГЕН ҰЛЫ ТҰЛҒА



Конференция күллі өлем таныған Әбіш өмірінен сыр шертетін видеороликпен басталды. Кеш қонақтары қатарына Қазақстан жазушылар одағының төрағасы Нұрлан Оразалин жазушының жары Клара Жұмабайқызы және қызы Сәулет Әбішқызы, белгілі ғалым, академик – Кенжеғали Сағадиев және қоғам қайраткері Зейнолла Алшынбаев, өңші Тамара Асар, қазақтың ақын қызы Ханбибі Есенқарақызы және т.б. қадірлі жандар келді. Сөз тізгінін ақын «Ақтебе» облыстық газетінің бас редакторы Бауыржан Бабажанұлы өз қолына алып, кешті жүргізіп отырды.

Кіріспе сөз алған Қазақстан жазушылар одағының төрағасы Нұрлан Оразалин «Армысыздар ардақты, Ақтебеліктер! Әбекең туралы осы залда отырған әрбір жастың, әрбір кез келген таныс-біліс адамдардың көкірегінде бір-

бір жазылған немесе жазылатын, айтатын немесе айтылатын тұмардай түйген сөзі бар екені рас», - деп бастады сөзін. «Аяулы дос, ардақты аға Әбекеңнің еркез інісі болып қасында, тынысы болып маңында жүрдім. Әбекеңнің қаламынан шыққан жүйрік сөзді, байсалды байламдарын мектеп кезінен бері оқи бастадым.



Ағамның естеліктері жадыма мәңгі сақталады. Мәңгі Кекілбаев туралы жазған төрт үлкен іргелі мақалам бар. Соларды суырып шығарып оқуға болатын еді, бірақ мен сіздердің кездеріңізге қарап, сіздермен жанымызды айқара ашып отырып, Кекілбаевтың оқырмандарымен осылай сөйлескенді жөн көрдім», - деді.

Кезекпен сөз алған ұлы жазушының замандастары естеліктерге толы өмірлерінен сыр шертті. Клара апай Әбіш ағамыздың үйдегі

өмірінің аяулы өке, адал жар бола білгендігін ықыласпен баяндады. Сөз соңында Ақтебе облысының әкімі Бердібек Сапарбаев келген қонақтарға алғысын айтып, Әбіш Кекілбаевтың аты Ақтебеліктер үшін әрдайым биікте тұратынын ерекше атап етті.

Сонымен қатар, университетіміздің №3 лектік дәрісханасына қазақ әдебиетіндегі дарынды тұлға, қарымды қаламгер Әбіш Кекілбаев есімі берілген болатын. Конференцияға келген қадірлі қонақтар, университет ректоры Кенжеғали Кенжебаев дәрісханаға арнайылап соғып, профессор Баян Бораш еткізіп жатқан дәріске қатысты.

Әбіш есімі күллі өлем мойындаған есім. Әлемнің үздік 100 жазушысының қатарына енуі осыны айғақтап, қазақ атын әйгілеп тұр емес пе?! Әбіш Кекілбаев адам жанының шындығын танудың алуан түрлі тәсілін шеберлікпен игерген жазушы. Жазушының кейіпкерлері қарапайым адамдар болғанымен, олардың езіне төн өмірі мінез-құлқы бар. Олардың жан дүниесін жеке басындағы түрлі сезімдерін сипаттай отырып, олардың жан толғанысын жүрек тебірінісін қара сөз құдіретімен толғап жеткізеді. Саясат өлеміне де өз қолтаңбасын қалдыра білді. Жаңа мемлекет құрылысына да ерекше ат салысты. «Аңыздың ақыры», «Үркер», «Елең-алаң» тарихи шығармалары тек тарихи шежіре емес, бүгінгі қоғам үдерісінің ұлт мүддесімен астасып, бостандық рухымен еркениеттің ешпес құндылықтарынан туатын мінез тәрбиеледі. Ұлтын сүйген ұлы тұлғаның қай қасиетін алсақ та, оның әдебиет сыншысы шебер керкем шығарма жазушылығы алдыңғы кезекке шығады. Сөз зергерлігімен рухани өмірімізді байытатын бірден-бір тұлға. Алып таулардың алыстаған сайын биіктей түсетіні тәрізді, шығармаларымен мәңгі жасайтын ұлы тұлға өмірден өтсе де артына қалдырған мұрасы мәңгі өшпек емес...

Ақжүніс НҮРПЕЙІСОВА,
филология факультетінің
2 курс студенті

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



70 ЖАС
Жолдасова Сәнім Мағжанқызы
физика кафедрасының доценті,
физика-математика ғылымдарының
кандидаты

Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты
Сізді мағыналы ғұмырыңыздың биік
шыңы – 70 жасқа алып жетті. Сіз осы
кемел жасыңызға тың жігер, жарқын
кеңілмен келіп отырсыз. Сізді мерей
тойыңызбен физика кафедрасының
ұжымы шын жүректен құттықтап,
мына елең жолдарын жолдайды:

Құтты болсын 70 жасыңыз,
Сексеннің де сенірінен асыңыз.
Қуат алып, денсаулықтың нәрінен,
Жүзіп өтіп жүзге аяқ басыңыз!



60 ЖАС
Құлшықова Аманкүл
Саймағамбетқызы
физика кафедрасының аға
оқытушысы

Құтты болсын қуанышты күніңіз,
Бақытты боп шаттық өмір сүріңіз.
Алпыстың да асқарына жеттіңіз,
Енді жүзге құлаш сермеп шығыңыз.
Мереке құн нұрға толсын жүзіңіз,
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз,
Шәкірттердің қызығына кеңеліп,
Ортамызда аман-есен жүріңіз!
Адамсыз ғой үлгі болар талайға.
Жақсылықты езіңізден көп керген,
Ұмытпайды туған-туыс қалайда!
Үлгі болған үлкенге де, жасқа да,
Сыйлар сізді туған-туыс, басқа да.
Бақытты боп бұл өмірде мәңгілік,
Қуатыңыз таусылмасын
100 жаста да!



50 ЖАС
Блиева Сәнімжан Буранбайқызы
физика кафедрасының қызметкері

Елу жас – енді өмірдің басталғаны,
Жетіңіз талай шыңға, асқарға әлі!
Қос жанар – қос балаңыз аман болсын,
Сол емес пе ананың басты арманы!
Не жетсін бақ жұлдызы жаылғанға,
Бастауы берекенің табылғанға.
Биікте болсын еркез жұлдызың деп,
Тілейміз біздің әріптес Сәнімжанға!
Елу деген – ес тоқтату, есею,
Елу деген – елдің жүгін көтеру.
Туған күнмен құттықтаймыз езіңді,
Қанжығана ілінсін деп қос елу!

ФОЛЬКЛОР ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫН ЖЕТІЛДІРУ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІНІ Ө. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫНДА ТҮБЕГЕЙЛІ ЖАҢА МАҚСАТТАР ҚОЙЫЛЫП, БІЛІМ САЛАСЫ ЖЕКЕ ЖЕТІЛДІРУ БАҒЫТЫ РЕТІНДЕ КӨРСЕТІЛГЕН. ӨЙТКЕНІ, БІЛІМ ҰЛТТЫҢ БӘСЕКЕГЕ КАБІЛЕТТІГІН АРТТЫРУДЫҢ БАСТЫ ҚҰРАЛЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

Олай болса, 50 жылдық тарихы бар еңселі оқу ордасы Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университетінде қазақ әдебиеті кафедрасының ұйымдастыруымен 20-21 қазанда өткізілген "Фольклор және ұлттық идея" тақырыбындағы Халықаралық ғылыми конференция – халқымыздың сарқылмас мол мұрасы қазақ халық ауыз әдебиетінен бастауын алып, ата-бабамыз жүріп өткен жолдың тарихи тағдырын бейнелеген, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін кестелеген, асыл мұрасын насихаттауда ұрпаққа берері мол үлкен жиын болғаны сөзсіз.

Аталмыш жиында Иран, Түркия, Қытай, Польша, Ресей, Қырғызстан мемлекеттерінен еліміздің Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Талдықорған, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарынан келген ғалымдар, докторанттар мен аспиранттар басқосты.

Конференция жұмысына Ресей Федерациясының Орынбор мемлекеттік университетінен келген филология ғылымдарының докторы Юлиана Пыхтина: "Бұл конференция қамтыған материалдары арқылы езіңіз ауқымдылығын көрсетті және филология саласы бойынша жаңаша ізденіс пен өзіндік ернекке толы деуге болады", - деп бағасын берді. Әлбетте, фольклор туындылары Абайдан бұрынғы авторлық ауыз әдебиетінде де, жазба мәтіндерде де орын алғаны даусыз. Сонау Түркі заманындағы тасқа қашалған жазба ескерткіштеріміздің, орта ғасырдағы қолжазба шығармалардың нағыз фольклорлық туындылар екендігін білеміз. Ол мәтіндерде айтылған халықтық танымдар ғалымдардың іргелі зерттеулері арқылы кейінгі ұрпаққа жалғасып келеді. Осы мәселе Халықаралық конференция-



да жан-жақты көтеріліп, шараның салмағын арттырды.

Бұл халықаралық конференция қазақ әдебиеттануы, мәдениеті, жалпы ұлт руханияты үшін ерекше болмақ, өйткені фольклор халық ауыз әдебиетінің бай мұрасы, әрі ешпес қазына екендігі, фольклор мен әдебиеттің өзара тектестігі, бір-біріне әсер-ықпалын тұжырымдау, түркі халықтарының фольклорындағы ұқсастықтардың болу себептері, тенденциялары, концепциялары өзара үндестікте қаралып, сараланды.

Конференцияда сөз алған филология ғылымдарының докторы, профессор Әдебиет Молдаханов: "Фольклор және "Мәңгілік ел" идеясы" тақырыбының езі бүгінгі қоғам жағдайында өте езекті мәселе. Әлем әдебиетінде, соның ішінде Қазақстанда фольклортанушылар саны аз. Ақтебе жерінде, оның ішінде Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университетінде фольклортануды

зерттеумен айналысып жүрген қалыптасқан ғылыми орта бар, - деп атап етті.

Алқалы жиынның жұмысын қорытындылай келе, конференцияға қатысушылар іргелі оқу орындарында «Қазақ фольклорының орталығын» ашуға ұсыныс жасау, Батыс пен Шығысқа тегіс мағлұм болған аса ірі тарихи тұлға Ер Едігеннің Ақтебе облысында жерленгенін ғылыми тұрғыдан мойындап, оның моласына археологтардың қазба жұмысын жасап, қорытынды сараптама жасалуына кеңіл бөлу, фольклорлық бай мұрамызды түркі тілдес халықтардың ауыз әдебиетімен салыстыру мақсатында университет студенттерінің фольклорлық тәжірибесін Уфа, Қазан, Орынбор қалаларындағы жоғары оқу орындарымен бірлесіп еткізу ісін жаңғыртып, жолға қою туралы мәселелердің шешімін табу керек деген байлам жасалды.

Мира БАЛТЫМОВА,
филология ғылымдарының кандидаты

**БАЙЖОМАРТОВ
ҮКІТАЙ
СЕРІКБАЙҰЛЫ**



Еліміздің қоғамдық және ғылыми ортасында кеңінен танылған профессор Байжомартов Үкітай Серікбайұлы 1931 жылы 1 қаңтарда Талдықорған облысы Ақсу ауданының Ақсу селосында дүниеге келген

1938-1947 жылдары Ақсу орта мектебінде оқыды. 1955 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің философия-экономика факультетін үздік тәмамдады.

1955 жылдан бастап Талдықорған облыстық дәріс бюросында директор болып жұмыс жасады. Жас маманның білімі мен басамашылығын ескере отырып, оны Талдықорған облыстық комсомол комитетінің хатшысы етіп сайлады. Кейінірек комсомол жолдамасымен Алматы облыстық комсомол комитетінің, содан соң Ақтөбе облыстық комсомол комитетінің хатшылығына жіберілді.

1963-1983 жылдар аралығында партиялық-мемлекеттік бақылау комитеті төрағасының орынбасары, Ақтөбе облыстық халықтық бақылау комитетінің төрағасы лауазымдарын атқарды.

1983-1985 жылдары Ақтөбе облыстық кәсіподақтар кеңесінің төрағасы қызметінде жұмыс жасады. 1974 жылы «Ақтөбе облысының кеңшарларында материалдық ынталандыру қорын қалыптастыру және пайдалану» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады.

1985 жылдан бастап Ақтөбе педагогикалық институтына оқытушылық қызметке ауысып, аға оқытушы, содан соң «Экономика және менеджмент» кафедрасының меңгерушісі лауазымын атқарды. Жемісті педагогикалық қызметі үшін КСРО Жоғары аттестациялау комиссиясының доценті ғылыми атағы (1989ж.) және Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің профессоры академиялық атағы (1997ж.) берілді.

Профессор Байжомартов Үкітай Серікбайұлы экономика факультетінің іргетасын қалаушы. Өмірінің соңына дейін профессор У.С.Байжомартов «Экономика және менеджмент» кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарды. Ол қай жерде жұмыс жаса да өзінің зор ұйымдастырушылық қабілетін жоғары кәсіби шеберлігі мен ғылыми-әдістемелік деңгейін, эрудициясын көрсетті.

Профессор У.С. Байжомартов Қазақстанның жоғары білім мен экономикалық ғылымының қоғамдық және кәсіподақтар қозғалысының дамуына қосқан үлесі үшін бірқатар үкіметтік наградалармен «1941-1945жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 60 жыл» мерейтойлық медалімен, «Тәрбие, оқу, ағарту» медалімен, «Парасат» орденімен, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалімен марапатталды, сондай-ақ, «Ақтөбе қаласының құрметті азаматы» атағына ие болды.

Ұзақ та, гибратты ғұмыр кешкен оның жас ұрпақты тәрбиелеу мен білім берудегі алатын орны өзгеше және еңбегі мен жарқын дидары ешуақытта ұмытылмайды.

ПРОФЕССОР ЭКОНОМИКИ ЖИЗНИ...

Байжомартов Укетай Серикбаевич - человек-эпоха, человек, который жил умел радоваться каждому дню и с удовольствием делился бесценным опытом со всеми. Столько всего хорошего хочется о нем сказать... Он был моим преподавателем и научным руководителем. Но наставления профессор давал не только в области науки, но и говорил о жизненных истинах, о которых полезно было бы услышать всем. Его советы до сих пор помогают мне...

В 2006 году я поступила на экономический факультет тогда еще АГУ им. Жубанова. Мною была выбрана специальность «экономика», которую курировала кафедра, где Укетай Серикбаевич был заведующим. С первого дня моего обучения в вузе нам говорили о том, что он не просто заведующий кафедрой, а это тот самый человек, благодаря которому и существует собственно сам факультет. Именно он был инициатором его создания, и он воплотил эту идею в жизнь. Стоит вдуматься в то, какое количество студентов стали выпускниками экономического, и за это надо быть благодарными профессору Байжомартову У. С. Очень надеюсь, что и сегодня все, кто решит учиться там, будут знать об этом и помнить. Искренне сожалею, что им не удастся прослушать курс его лекций. Поколению ранее, в том числе и мне, в этом удача улыбнулась. В памяти отчетливо сохранились все занятия, которые он вел все дисциплины, которые он нам преподавал. Не забыть никогда самую первую лекцию. Помню, как он учил писать научные статьи, объяснял как выступать с докладом, как под его руководством я писала дипломную работу, а позже и магистерскую диссертацию.

Профессор Байжомартов Укетай Серикбаевич был яркой личностью и обладал безграничным талантом во всем. Он является автором не только научных трудов, но и художественных произведений.

Он остался в памяти как очень ответственный и дисциплинированный человек, который горячо любил свое дело. В возрасте восьмидесяти лет он безупречно руководил кафедрой, читал лекции, работал с молодыми учеными, принимал участие в научных конференциях в других городах и странах. Лично доводилось быть свидетелем, как многие после знакомства и беседы с ним, просто отказывались верить в то, сколько ему лет. Он в ответ только улыбался и пояснял, что когда человек занимается любимым делом и при этом много работает умственно, он не стареет вовсе.

Укетай Серикбаевич не просто преподавал экономическую науку, он рассказывал и пояснял, какова экономика в реальности, делился тем, как быть успешным и конкурентоспособным, как применять свои знания и что делать, чтобы быть счастливым. Среди людей, с которыми я обычно могу душевно побеседовать, я с глубоким уважением говорю об том человеке и рассказываю о его трудах, цитирую его и ставлю в пример. Благодаря судьбу за то, что довелось знать его. Спасибо Вам, низкий поклон и вечная светлая память...

Зура САЙДУЛАЕВА

ТОТ, КТО НАУЧИЛ

Мне посчастливилось быть студенткой Байжомартова Укетая Серикбаевича в период с 1994 по 1998 год в Актюбинском университете им. Х. Жубанова на экономическом факультете. Скажу честно - мы все, вчерашние школьники, очень его побаивались и обожали одновременно. Человек, харизма и энергетика которого чувствовалась на расстоянии. О нем слагали легенды в нашем ВУЗе, студенты старших курсов и преподаватели рассказывали нам свои истории. То, как он заходил в университет, как здоровался, как разговаривал, его походка. А самое главное - его глаза. Глаза мудрого Льва. Отважных, гордый, самодостаточный, ироничный, живые глаза с хитринкой. Благородная седина. Подтянутый и свежий. Всегда. Дисциплинированный, никогда не опаздывал. Чему и нас научил. Его лекции и семинары пропускать нельзя было. Сначала, если честно из-за чувства страха, но вскоре мы поняли, что его лекции нельзя пропускать потому, что именно Укетай Серикбаевич давал нам те академические и человеческие знания, которые можно применить в жизни, что, согласитесь, большая редкость.

Лекции он всегда читал по своим записям от руки. Хочу добавить, что читал ладно, чисто и очень быстро. Так что с тех пор я мастер сокращения и стенографист-самоучка. Его лекции всегда были живыми. Это не были те «сухие» лекции, какие мы обычно слушали. Он всегда всё и всех видел замечал и считывал - кто чем живет, чем занят, о чем думает.

Укетай Серикбаевич обладал феноменальной памятью и помнил всех своих студентов по фамилиям. Это была гордость для нас, если профессор Байжомартов на перемене окликал тебя по фамилии. А если и по имени - то ты автоматически становился звездой. Сам Байжомартов называет тебя по имени!

ет. Если замечал откровенно безразличного студента - заводил с ним диалог. Прямо посреди лекции! Мог пожурить, не скупился на похвалу, а мог и искренне отругать. Как сейчас понимаем, во благо Укетай Серикбаевич обладал феноменальной памятью и помнил всех своих студентов по фамилиям. Это была гордость для нас, если профессор Байжомартов на перемене окликал тебя по фамилии. А если и по имени - то ты автоматически становился звездой. Сам Байжомартов называет тебя по имени! Очень участливо он относился к приезжим ребятам из районов и сёл. Был у нас один студент из простой сельской семьи, оплату за обучение которого по определенным причинам родители не могли внести в срок. И его постоянно вызывали в деканат, ему на самом деле прозвонили отчисление. Мы чувствовали и видели, как его это тяготит. Вот тогда Укетай Серикбаевич вступился за него. И взял с него слово, что тот будет учиться и на совесть. И студент слово свое сдержал. Деньги родители внесли, конечно.

Помню свой первый экзамен, который принимал Укетай Серикбаевич. От дрожи в коленках студентов, казалось, дрожала вся аудитория. Учили билеты, проверяли друг друга, некоторые писали шаргалки. И, конечно же, мне достался билет, ответы на который я только чувствовала. Не помню точно, но что-то про землю. Умирала и воскресала я много раз. И вот иду отвечать. Никогда не забуду его добрых глаз. Конечно же, он все понял и наблюдал С любовью. И слушал как я рассказывала ему истории про то, как казахи всю жизнь вели войны за землю, свободу и независимость. Про наше самое главное достояние, которое нам досталось в наследство про патриотизм и Родину. А Укетай Серикбаевич был большим Патриотом, что и нам привил. Поговорили мы с ним по душам. «Хитрая ты, Иманкулова, но запомни: хитрость не от маленького ума! Иди, ставлю тебе 5». Вот эту поговорку запомнила я на всю жизнь. Чувствовала спичку восторженности взгляды однокурсников - сам Байжомартов похвалил!

«Хитрая ты, Иманкулова, но запомни: хитрость не от маленького ума! Иди, ставлю тебе 5».

Аташка. Моя близкая подруга Дана - его внучка. Её Аташка. Но почему-то мы все - его бывшие студенты, именно так и называем его до сих пор. Светлая память Вам, наш Любимый Профессор! Мы все несём Ваш свет и знания с гордостью и благодарностью!

Лаура ИМАНКУЛОВА



СЛОВО О СТАРШЕМ ДРУГЕ

Этого человека я знал давно, но в основном с уст его однокурсника профессора Гумарова Биляша Гумаровича. Они вместе 5 лет учились на философско-экономическом факультете КазГУ им.С.М.Кирова. Он всегда с теплотой отзывался об Укетая, не раз подчеркивая и ссылаясь на его фамилию - Байжомарт. Действительно он бай - богат не столько материально, а духовно и жомарт-шедр. Эти черты особо проявились в последние годы жизни, особенно в годы работы в университете им.К.Жубанова.

В жизни Байжомартова были взлеты и падения, но он никогда не сникал, не искал подмоги на стороне, а сам находил дорогу в тернистом пути. Да ему как студенту повезло с первых дней учебы, им преподаватели столичные профессора осмелевшие критиковать научные труды Сталина, за что были сосланы в Алматы. Он один из немногих студентов участвовавших в переводе на казахский язык «Капитала» Маркса под руководством д.э.н., д.и.н. С.Баишева.

В становлении экономического факультета АРГУ им. К.Жубанова четверть века внес достойный вклад профессор Байжомартов. Он организовал и участвовал в написании многих учебных пособий: «Общая экономическая теория», «Теория экономических учений», «Основы менеджмента», «Макроэкономика», и др. Все они одобрены МОН РК и рекомендованы для использования в учебных целях.

При определении рейтингов вузов и факультетов, на наш взгляд, надо обязательно учитывать учебные пособия одобренные МОН РК, если нет таких учебных материалов у вуза или факультета - значит они не имеют права готовить бакалавров и магистров. С этих позиций вклад Укетая Байжомартова заслуживает особого внимания, в разные годы он был удостоен государственными наградами.

В течении последних 15 лет мы работали бок о бок с ним. Он умел познавать людей и часто мне лично давал характеристику тем или иным людям, мы естественно прислушивались и делали соответствующие выводы. Последние годы он увлекся прозой и одна из произведений была театрализованна Актюбинским областным театром, другие ждут режиссеров-постановщиков. Мы коллективно посетили этот спектакль и получили духовную пищу для размышления. Мы долго будем помнить и гордиться тем, что у нас был замечательный старший друг!

ДАРИШЕВ Мақсат Малбағарович, к.э.н., профессор КазУИИТС, академик МАИИ, г.Уральск



БІЗДЕР ҮШІН ҚАЗЫНАЛЫ ТҰЛҒА ЕДІ

*Адамдарды тірісінде бағалайық,
Ардақтайық, апалайық, ағалайық.
Бай дейік, батыр дейік, биік дейік.
Болмаса тағдырына тағар айып.
Ей адамдар! Кімдердің кемшілігі, шаласы жоқ
Өзі өлген соң, өзі жайлы некропосты
Оқуға дананың да шамасы жоқ!*

Бұл жыр жолдарының авторы – қазақтың қайсар ақыны Жұбан Молдағалиев. Өмірден озған Үкітай аға жайлы енді қанша айтсақ та, жазсақ та, ол оқи алмайды. Бұл ақиқат. Алайда, тірінің бүгінгі парызы олар туралы жақсы сөз айту, естелік жазу. Бұл біріншіден марқұм болғандардың рухын риза қылу үшін жасалса, екіншіден болашақ ұрпақ тәрбиесіне керек.

Ол кісі өмірден өткенімен жарқын бейнесі суреттегдей жадымызда, кейде кабинетінің алдынан өтіп бара жатып, ерексіз еске аласың, көз алдына бөлмесінің газетін оқып, қағаз шимайлап немесе әңгіме айтып отырған бейнесі келеді. Әркез факультетте бірдеңе жетіспейтін

дәлелденіп жатыр. Тағы бір ерекшелігі ғылыми еңбектердің қайсысын болмасын ерінбей түпнұсқадан оқуды тапсыратын. Мұның да маңыздылығы зор екенін жастарға өнеге қылатын өйткені жас ғалымның шынайылыққа көз жеткізуін талап ететін «Әй, бала, оның еңбегін түпнұсқадан оқыдың ба?» деп нақтылап қоятын.

Иә, шындығында бұл кісі біздер үшін қартайғанда қазынаға айналған жан.

Өзінің «Өмірім мен өткелдерім» деп аталатын естелік романында былай депті: «Жасында елдің туы бола білген азамат қартайғанда қазына қартқа айналады екен».

Аға өз өмірі туралы өзі баға беріп кеткен сияқты, бұл даналық емей нөмене. Ол жастық шағынан жалындыда, қазақтың арыс ақыны І.Жансүгіров оқыған «мама-ния мектебінде» білім алып, қазақтың қара

Өзінің «Өмірім мен өткелдерім» деп аталатын естелік романында былай депті: «Жасында елдің туы бола білген азамат қартайғанда қазына қартқа айналады екен».

сияқты болып тұрады. Ол – оның даналыққа толы тау тұлғасы мен ер мінезді өр бейнесі. Мен үшін оны өзгелерден ерекшелендіріп тұратын да, тұлғасын ірілендіріп тұратын да осы қасиеттері болатын. Бұлай деуімнің де өзіндік себебі бар, өйткені Үкітай ағаман оның 70-ті алқымдап қалған кезінде танысыппын.

«Біліммен де ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеніз» демекші әлі күнге дейін сол кісіге ұқсап бағудамыз. Ол кісінің белгілі бір оқиғаны бағанда жүйесі, оны экономикалық жағдайлармен байланыстыру, олардан тұжырым жасау қабілеті ерекше еді, білімінің, өмірлік тәжірибесінің тереңдігін байқататын және солардың бәрін қос тілде еркін түсіндіретін.

Экономист маман болуына бірден бір себепші болған «Капитал» екенін өз аузынан талай естідік те. «Марксті қазір оқу керек, одан жастар қол үзіп қалды, бұл дұрыс болмады» деп отыратын.

Бұл ойы мен сөзінің дұрыстығы қазір

шаңырағы ҚҰУ-дің философия-экономика факультетін үздік бітіруі, мемлекет және қоғам қайраткеріне айналуы - осының айғағы емес пе. Ал қартайған шағында да тыным таппай еңбек етуі, өмірінің соңына дейін кафедра меңгеріп, ғылыми мақала, оқулықтармен қатар, соңына үлгі болар әдеби мұралар қалдыру - екінің қолынан келе бермейтін іс.

Осы бір естелігінде Үкітай аға «Оқы. Ойлан. Сабақ ал! Неге десеніз, әр кісінің өмірі көйінгілер үшін тағдыр мектебі болуға тиіс» деген аманат қалдырыпты. Сіз сүрген өмір де кейінгі ұрпақ үшін өмір мектебіне айналуы әбден мүмкін. Оған көз көріп көңілге түйген жарқын істеріңіз бен мұраға қалдырған көркем шығармаларыңыз дәлел.

Ғалым МУСІРҰЛЫ, экономика ғылымдарының кандидаты

БОЛАШАҚҚА ЖОЛ ТАҢДАУЫ

Халықтық бақылау комитетінде бір шаруалармен болып едім, Үкең ағай:

- Уақыты болған кезде соғып кетсін деді-деп, бірге жұмыс жасайтың еріптес ағамыз, доцент Байжан Белесов хабар айтты.

Қазір марқұм болған Байжан ағамызбен бір үйде тұратын көрші болатынбыз. Байқаймын оны қайдан танысың дегендей жүзінде таңқалу бар сияқты. Шынында, Үкітай ағай облыста белгілі адам. Облыстық партия комитетінің бюро мүшесі, ылғи да жақсы аты шығып жүрген кезі болатын. Айтушылардан, оның шындықты тайсалмай айтатын бірбеткейлігі, қиындыққа тап болғандарға жасаған көмектерің, қысқасы, халықтық бақылау комитетінде өз ісін адал атқарып, ел ризашылығына бөлген азамат екенін еститіміз. Көп кешікпей жұмыс орнына барған менен асықпай отырып, хал-жағдайымды сұрады. Аздап мақтау айтып та қойды:

- Көрі шешенді, ауру әйелінді қалдырып, аспирантураға түсіп, оқу іздеп жүрген талабың жақсы екен, алдағы уақытта хабарласып тұр, - деді.

«Ғылым жолы ауыр жол екенін білемін. Жақында өзім де экономика ғылымдарының кандидаттығына «Кеңсарлардың толықтай шаруашылық есепке көшуі» тақырыбына Целиноградтың ауылшаруашылық институтында диссертация қорғадым. Соңғы кезде көп айтылып жүрген маңызды ауылшаруашылығы экономикасына қатысты мәселе болған соң қолға алғанмын, әлі де жете зерттеуді қажет ететін жерлері көп» дегеніне қарап, ағамыздың ғылым жолын өмірлік жан серік ету ойы барлығын байқадым.

Осы ойымның дұрыстығына аяулы ағаның «Өмірім мен өткелдерім» атаулы роман -эссесін оқып отырғанда анық сезім жетті. Өзінің айтуынша: «Адамның тағдыры деген болады. «Маңдайға жазу» деп жатады. Жастай пысыдым, ширақтық таныттым. Адамспайтын жол іздедім. Әйтеуір, қоғамнан өз орнымды табып, «кірпіші болып қаланайын» деген ізгі оймен балалық бал шақты жігіттікке ұластырдым»,- дейді.

Шынында маңдайға жазғаннан қашып құтыла алмайсың.

Мына өмірде жақсы мен жаман қатар жүріп жатады. Адамспайтын жол іздеген ағаны, тағдыр қазакша айтқанда еліміздің және бөлінбес бөлшегі болған Кеңестер Одағының талай жақсыларымен, жайсандарымен кездестірген. Бастысы, болашақ өмір-жолы болған мамандығын таңдауда

«Адам мәңгі жас болмайды. Кезі келгенде өміріңнің басқадай беттері ашылады».

қателеспегендігі. Ол жеңгесінің «Шолақ» шекаралық бекетінен тамызық үшін алып келген екі қап кітаптар ішінен табылған К.Маркстың «Капитал» атты кітабынан басталады. Белгілі ғалымдардың өзі бұл кітапты оқудың оңай еместігін айтады.

Ал Үкеңнің, оқыған сайын кітапқа деген ынтысы, қызығушылығы арта түскен және оның балғын санасына экономист болу туралы ой ұялаған.

Нәтижесінде, сол кездегі С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің экономика мамандығын таңдайды.

Университетте үздік оқыған Үкең қоғамдық жұмысқа да белсенді араласып, 3 курста оқып жүргенің өзінде университеттің комсомол ұйымының хатшылығына дейін көтерілді, балаларының анасы, сүйікті жары Жәния апаймен Карл Маркстың «Капиталының» қазақ тіліне болашақ аудармашыларының бірі Егізбай Қанатбаевпен кездесіп, бірге оқиды.

Егізбай Қанатбаев Қызылорда облысы Қазалы ауданының тумасы. Ұлы Отан соғысы (1941-1945жж.) басталғаннан кейін Қызыл Әскер қатарына алынып, фашистік Германия мен милитаристік Жапонияға қарсы соғыстарға қатысып, әскер қатарында жеті жыл қызмет етіп, елге оралған сақа солдат болатын. Елге келген соң солдат гимнастеркасымен жүріп, кешкі мектепті алтын медальмен бітіреді. Егізбай ағайдың сол жетістігін ел адамдары ұзақ уақыт аңыз етіп айтып жүрді. Үлкенмен де, кішімен де тез тіл табысатын Үкітай ағай сақа солдат Егізбай және аспирантурада оқып жүрген,

болашақ академик, экономист-ғалым Жақия Әубакировтермен университетте бірге өткізген күндерін үлкен ілтипатпен айтып отыратын.

Біздің отбасымызға туыс болып табылатын Егізбай ағай, мен 1967 жылы оқу бітіріп, Ақтөбе педагогика институтына жұмысқа бара жатқанда: - Онда Үкең бар ғой, барғасын бір ретін тауып соғарсың, - деген еді.

Әр нәрсені ойлап табуға шебер Үкең осы жағынан келіп, кейін бірге жұмыс жасаған кезде мені - «құйеу бала», ал менің жұбайым Ақиеті қарындас деп атап кетті.

Біздің үйдің балаларының жетістіктерін естісе, нағашыларына ұқсаған-ғой деп өзін меңзеп отыратын Мен сияқты ағайдың «құйеу балалары» ондап саналатын.

Солардың төңірегінде әдемі әзілдері де қалмайтын Жүрген жерін думан жасап жүретін өмірді сүйген



Профессор Байжомартов Үкітай Серікбайұлы

оның қиындығына мойымайтын Үкең сияқты жандар өмірде көп емес сияқты.

Осы жерде Үкітай ағайдың үлкен адамгершілік қасиетін де атап өткен жөн. Оның достарына деген адалдығы өз алдына. Көрген сайын Егізбай ағайдың денсаулығын, үй-ішінің амандығын сұрап тұратын. Өзі де тікелей хабарласатын. Өле-өлгенше сол әдетінен танған емес.

ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ САЛАСЫ-НА ОРАЛУЫ

Кеңестер Одағы кезінде саяси экономика мәселелерімен айналысу, ол пән бойынша ұстаздық жасау үлкен жетістік деп есептелетін.

Университетті бітірген кезде ағайдың алдында екі түрлі жол тұрды. Бірі - университетте аспирантурада қалып, ғылым мен білім жолын қуу. Өзі осы жолды ыңғайлап, аспирантураға құжаттарын тапсырған болатын. Үкең университетті үздік бітіріп, өзін ғылым жолында тер төуге дайынмын деп есептеді. Шынында саяси экономикамен таныстығын мектеп парчасында отырған шағының өзінде Карл Маркстың «Капиталынан» бастаған Үкең студент шағында да ой өрісін кеңейтіп, жан-жақты білім иесі болған еді.

Екінші жол: комсомол және партия қатарларында әртүрлі қызметтер атқарып, ел басқару ісіне араласуы. Маңдайға жазылғаны осы жол болып шықты.

Қазақстан комсомолы Орталық Комитеті, оны Талдықорған облыстық комсомол комитетіне бірінші хатшылыққа жіберді.

Бұл 1955-ші жыл болатын. Міне, осы кезден бастап, Үкеңнің абыройлы да қиындығы мол өмір жолы басталды. Жастай пісіп жетілді, керек жерлерінде ширақтық таныта білді. Талдықорған және Алматы облыстарында біраз уақыт қызметтер атқарғаннан кейін, тағдыр оны Ақтөбе жеріне жетеледі. Ақтөбе облысының комсомол комитетінің бірінші хатшылығын абыроймен атқарады.

Ол кезде комсомолды партияның ізбасары деп ұрандататын. Облыстық компартияның бірінші хатшысы, Ұлы Отан соғысының от-жалынынан өткен білікті, ел азаматы атанған Хасан Шаяхметұлы Бектұрғановтай белгілі тұлғамен қызметке бірге келіп, қатар жұмыс жасады, одан көп нәрсе үйренді, өмірлік сабақ алды.

Осы жинаған тәжірибесі кейін партиялық бақылау, Халықтық бақылау комитеттерінде Ақтөбе облыстық кәсіподақ комитетінің төрағалығы қызметтерін атқарған кез-

дерде пайдаға асты. Қандай сыннан да кідірмей өтуге септігін тигізді.

Әйтсе де, Үкеңнің өзі жазғандай: «Адам мәңгі жас болмайды. Кезі келгенде өміріңнің басқадай беттері ашылады». (Өмірім мен өткелдерім. Роман-эссе, 2013, -69 бет).

Ағай әртүрлі қызметтер жасай жүріп, осы ойға қайта-қайта оралған. Кеңестер Одағының белгілі қоғам қайраткері А.Н.Косыгин туралы ел арасында жақсы көзқарас қалыптасқандығы бізге де белгілі. КСРО Министрлер Кеңесінің тұрағасы болып тұрған кезде шаруашылық есеп деген түсінікті енгізе бастады. Оған сенбегендер көп реформалардың бірі-ғой деп қарады. Үкет ағай экономист ретінде оның жақсы жақтарына көңіл аудара білді. Сол бойынша ғылым кандидаттығын қорғады. Яғни, арманына жетуге бірінші қадам жаса-

АДАСПАЙТЫН ЖОЛ ІЗДЕГЕН АҒА БЕЙНЕСІ

ды. Бірақ, өзі атқарып жүрген қызметін тастаған жоқ.

Кеңестер Одағы өз идеяларын жан-жақты таратып, жарнамалаудан ештеңе аяған жоқ. Ақтөбеде қалаға көрік беретін «Дом Политпросвещения» - «Саяси ағарту үйі» салынды. Онда екі жылдық «Марксизм-ленинизм университеті» қызметін жалғастырды. Көппен бірге менде сол университеттің философия бөлімін бітірдім. Сабақ жұмыстан тыс кеше уақытында өтеді. Сабақ беретіндер арасында облысымыздың атақты А.Айталы, К.Баеков, әкімшілік қызметте жүрген Ү.С.Байжомартов, Б.Жолмырзаевтар сияқты белгілі философ және экономист ғалымдары бар.

Бір кездескенде Үкең ағай ризашылық сезіммен

- Обкомның бюросында өздері бейтұп, оқытушылық қызметті қоса атқаруға мүмкіндік берді. Дәрістерге дайындық көп нәрселерді қарастыруды талап етеді. Адам жан-жақты өседі екен - деген болатын.

Шынында, тыңдаушылар арасында әртүрлі оқу бітіргендер, жан-жақты дайындықтары барлар, оқытушылар да кездеседі. Олар әр түрлі қиын сұрақтар да қоюы мүмкін. Сондықтан «Вопросы экономики», «Вопросы философии» т.б. жоғары деңгейлі басылымдарды жаздырып оқуға тура келді. Осылайша, Үкең оқытушылық қызметке нақты қадам жасады.

Еліміз тәуелсіздігін жариялаған 1990-шы жылдардың қиын кезеңі болатын. Оқу корпусында Үкет ағайды кездестірдім. Көңілді.

- Әй «құйеу бала», осы уақытқа дейін мына оқытушылық жұмыстың жақсы екенін неге айтпай жүрсің? - деп бастады әңгімесін - Оқытушылық жұмысқа толық көштім. Кафедра доценті болып орналастым. Ғылыми жұмысқа, білім көтеруге толық мүмкіндік бар екен, - деген ол алдағы уақытқа біршама жақсы ойлары барлығын да айтқан еді.

«Неге үйленбейсің? - деп сұрағанымда, үйленсем балаларымнан ажырап қаламын ғой» деп айтты дегенін естігенмін.

Ақтөбе педагогика институтының «Экономикалық теория» кафедрасында үш экономика ғылымдарының кандидаттары Ү.С.Байжомартов, Н.В.Ювица, Б.А.Жүнісовтер жиналып қалды. Бұл институт ректоры профессор Мұхтар Ғалиұлы Арыновтың «Экономика» мамандығын ашу туралы ой қозғап жүрген кезі. Облыс экономикасына жаңа нарық заңына икемделген мамандар керек болатын. Ойлар тоғысты. Жаңа мамандық ашылды. Жыл санап мамандық үлкей берді. 1996 жылы алғашқы түлектерін ұшырды. Сол алғашқы түлектер облысымыз бен Республикамыздың түкпір-түкпірлерінде белгілі қызметтер атқарып жүр. Олар әр уақытта Үкең ағай сияқты алғашқы ұстаздарын әр уақытта зор ілтипатпен еске алып жүреді.

Алғашқы түлектер нарық әлеміне қандай да бір деңгейде жақын болып бітірді. Бірақ, ұшы-қиыры жоқ әлемдік

нарыққа терең бойлау үшін жаңадан ұйымдастырылған «Экономика факультеті» ұжымына әлде де көптеген қызметтер атқару керек еді. Оқу-ісі жолға қойылуы қажет. Оқулықтар мен оқу құралдары, әсіресе, қазақ бөлімінде жетіспейді. Бар оқулықтардың бәрі шет тілдерде. Осындай қиын шақта Ақтөбе мемлекеттік университеті - жаңа статусын алған оқу орнының ректоры профессор К.К.Кенжебаев маған «Экономика факультетіне» декан болып баруға ұсыныс жасады. Мүмкін менің бұрын физика-математика факультетінде 6 жыл факультет деканы болып жұмыс жасаған тәжірибемді ескерген болар. Жоғарыда айтылған көп қиындықтардың шешімін табу енді менің мойныма жүктелді. Осылайша 1999-2009 жылдары аралығында Үкітай Серікбайұлымен қоян-қолтық

ғалымдар шақырылды. Сондай төрағалар қатарында профессорлар К.Ф.Ахметов, Ә.Ш.Шамгонов, Ә.Қ.Шеденов, О.Ж.Әлиев, Т.Ә.Есіркепов, Р.Ф.Сатқановаларды атауға болады.

Олардың арасында өмірлік тәжірибесі моң К.Ф.Ахметовтың оқу-әдістемелік көмегі орасан зор болды. Жас шамалары қатарлас ағалардың бір-бірлеріне жарасымды әзіл айтып, араласқанын көрудің өзі бір ғанибет болатын. Үкең Ким Ғұсманұлының жататын орнына дейін өзі дайындап, мүмкіндігінше өз кафедрасына қажет құжаттар, оқу-әдістемелік құралдарды көптеп жинады. Кейін кафедраның тез қалпына келуіне екі замандастың мұндай байланыстары өз әсерін тигізгені байқалды.

Ол ұжым бірлігін жоғары қоятын. Оның мол тәжірибесінен тек ауызбіршілігі бар ұжымда ғана

араласып, бірге қызмет жасадық.

Үкеңнің үлгі алатын жақсы жақтары өте көп. Ең бастысы жұмыс режимін сақтап, өзіне де, өзгеге де талап қоя білуі. «Кәсіпкерлік және басқару» деп аталатын кафедраның меңгерушісі ретінде, ертеңгі оқу басталатын 8.30-9.00 - аралығынан қалмай қызметке келеді. Түсік үзіліс пен кешкі жұмысын аяқтау да уақытында. Бұл әр түрлі әкімшілік жұмыстарын атқарғанда бойына сіңіп қалған қасиет. Үлгі алуға тұратын қасиет. Әйткені, осы жұмыс режимін сақтау жөнінде Жоғары оқу орындарында бітпейтін дау көп. Бірі сағатын орындаған бойда кетіп қалғысы келеді. Әкімшілік жағы күні бойға жұмыс режимінің сақталғанын дұрыс көреді. Сонымен бірге әртүрлі қауырыт орындалатын істер арасынан ең қажеттісін таңдай білу қасиеті. Сондай негізгі жұмыстар арасында, ол оқулық мәселесіне жете көңіл бөлді. Нәтижесінде, профессорлар Н.В.Ювица, Б.А.Жүнісовтермен бірлесіп жазған «Экономикалық теория» атты оқу құралы бірнеше басылымда жарық көрді. Кейінгі басылымдарына өл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ профессоры Ә.Шеденов те өз үлесін қосты, яғни оқу құралдарын дайындау ісі тек Ақтөбе университетімен ғана шектеліп қалған жоқ. Басқа іргелі оқу орындарымен байланыста дамыды. Оның нақты мысалы Оралдың Батыс Қазақстан ауылшаруашылығы институтының ғылыми істер жөніндегі проректоры, профессор Ким Ғұсманұлы Ахметовпен бірігіп шығарған «Менеджмент» кітабы. Аталған кітапта экономиканы басқаруға қатысты студенттердің сұраныстарын қанағаттандыратын оқулық болды. Ф.Мүсіров, Б.А.Жүнісовтермен бірігіп жазған «Экономикалық ілімдер тарихы» кітабы қазақ бөлімі студенттері үшін негізгі оқу құралына айналды. Кітапты жетілдіруге профессор Ә.Шеденов те өз үлесін қосты. Төрт автор күш

жұмыс оңға басатынын білетін Үкітай ағай факультетте әлдеқандай реніште жүрген адамдар болса, себебін анықтап, көмектесуге тырысатын. Ыңғайсыз қылығы бар адамдарды тез орнына қоя білетін. Ұжым бірлігін қалыптастыруға қатысты шаралардың бірі кафедрасымен немесе факультет ұжымымен қала сыртына шығып демалыс ұйымдастыру еді. Оқу жылын сәтті аяқтағаннан кейін Қарғалы өзені бойында демалыс ұйымдастыру жазылмаған заңға айналды. Мұндай кезде Үкең көңілденіп, жайнап кетеді.

Бар ұйымдастыру жұмысын өз қолына алады. Демалатын орынға су жағдайы көгалды, дәмді ас дайындайтын аспазды қайдан да болса табатын Қарғалы бойындағы көп жылдық қара ағаштар аясында тыныстап, суға түсіп, балық аулап, тамақ дайындап, арасында жарасымды әзілдер айтып, ду-думан құрып отырған топ ортасында аяулы Үкең ағамыз маңдайы жарқырап отыратын.

Сол жағынан алып қарағанда Үкітай Серікбайұлының «Өмірім мен өткелдерім» роман-эссесіндегі біршама желілер мен хикаялар біздің құлағымызға құйылып қалған. Жоғарыда аталған роман - эссесінде Үкең «Жесір атанғаным қырық жыл болды. Балам мен келімің, үйдегі немерелерім іздемесе, әйелім іздемейтін қайда жүрсің, не істеп жүрсің демейтін кісімін» - деп келтіреді. Аяулы жары Жәния апай өмірден озғаннан кейін біршама уақыт өткесін достарының бірінен:

«Неге үйленбейсің? - деп сұрағанымда, үйленсем балаларымнан ажырап қаламын ғой» деп айтты дегенін естігенмін.

Ол өмірден озғанша осы принципінен айныған жоқ. Аяулы ағаның сол өмірін арнаған балаларының бәрі де жақсы, ел азаматтары болып өсті. Балалар тәрбиесі туралы айтқанда:

«Мен балаларымды бетінен қақпай, еркін өсірдім» деп отыратын. Ойлап отырсаң ағайдың өмірінің өзі-өңге. Сондықтан, балаларының да жақсыға еліктеп, биікке ұмтылулары заңды құбылыс. Ал немере тәрбиесінің орны бөлек.

Өз қаның мен жаныңнан жаралған балаларың - бауыр етің болса, онда сол бауыр етіңнің қаны мен жаныңнан жаралған немерелер қалай тәртіп болмайды. Сол себептен де қазақ «Өз балаңнан немерең тәртіп келеді» деп айтады.

Бізге Үкең басқа немерелеріне қарағанда Мағжанын ерекше еркелететін сияқты көрінетін Соған жағдай жасауға тырысатын. Үкеңдей азаматтың аталық мейірімін көрген Мағжанның болашағынан зор үміт күтіп, атасындай азамат болатындығына сеніміміз мол.

Үкең бейнесі ұрпақтарының да, үзеңгілес жүрген біздердің де жүректерімізде мәңгі сақталады.

Жаксылық ТАСМАМБЕТОВ, физика - математика ғылымдарының докторы, профессор

20 қазанда Қ. Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университетінің техникалық және филология факультеттерінің кітапханасында, бокстан Сидней олимпиадасының чемпионы, Атланта олимпиадасының қола жүлдегері, Азия ойындарының чемпионы, Әлем біріншілігінің күміс және қола жүлдегері, I-дәрежелі барыс орденінің және "Дарын" жастар сыйлығының иегері, Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, бүгінде «Олимпиадалық дайындық орталығы» РМК директоры Ибрагимов Ермахан Сағиұлымен кездесу өтті. Кездесуге университетіміздің тәрбие ісі және өлеуметтік-экономикалық мәселелер жөніндегі проректоры М.О.Миров, облыстық бокстан олимпиадаға даярлау мекемесінің директоры Ә.Балмағамбетов, университет спорт клубының меңгерушісі Ә.Құлмағамбетов қатысты.

«Спортзал есігін алғаш 10 жасымда аштым. Сол кезде менің кумирім Ж.Үшкөмпіров пен С.Қонақбаев болды. Ең үлкен жетістігім, ол – Сидней олимпиадасындағы алтын жүлде. Олимпиадаға мен осы Ақтебе қаласында дайындалып, Ақтебенің атынан шықтым. Сондықтан, бұл – менің жолымды ашқан қала», - деп сұхбатын бастады атақты боксшы. Ол Кеңес Үкіметі тұсындағы бокс пен бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның боксын салыстырып, елімізде жастардың спортпен айналысуына барлық жағдай жасалғанын жеткізді. Оның дәлелі – егемендік алғалы дүбірлі додаға 6 рет қатысып, бокстан 7 алтын медальды қоржынға салдық.

Кездесуде Ақтебедегі бокс жайы да сөз болды. Ә.Балмағамбетов мырза қаламыздың бокс мектебінен тәлім алып шыққан Г. Жафаров, К. Шахсуварлы, Ә. Жәнібек, Г. Кешербаева, А.Жеткеев секілді боксшыларымызды мақтанышпен айтты. Сонымен қатар, жерлестеріміз –



Ақтебе – Жолымды ашқан қала



халықаралық дәрежедегі тереші Абдрахмановтың, олимпиадада 2 рет қазылық өткен 5 жұлдызды тереші Р.Рысбаевтың да ат-

тары аталды. Ақтебе бокс мектебінің тұңғыш директоры Ермахан аға Ә. Балмағамбетов бастаған ұжымның

жұмысын жоғары бағалады.

Жазда өткен Рио олимпиадасындағы боксшыларымыздың көрсеткен еңбектері де кездесуде сөз болды. Ерлерден Д. Елеусіновтың алтыны, В. Левит пен Ә. Ниязымбетовтың күмісі, И. Дыңканың қоласы, қыздардан Д. Шәкімованың алтынға бергісіз қоласы Қазақстанның жалпы командалық есепте 22 орынға табан тіреуіне үлкен септігін тигізгені рас. «Динаранның жеңісінен қыздар боксының қарқынды дамып келе жатқанын байқаймыз. Оның жеңісі қара кез қыздарымыздың спорттың дәл осы түріне көптеп бет бұруына түрткі болады. Елімізде 50 мыңға жуық қыз-жігіттер бокспен айналысады. Бұл – үлкен көрсеткіш, қуантарлық жайт», - деді былғары қолғап шебері ез

сөзінде.

Екі сағатқа созылған сұхбатта студенттер тарапынан біраз сұрақтар қойылып, тұшымды жауаптар алынды. Филология факультетінің 1 курс студенті Аслан Абуов қонаққа арнау елесті оқып, кештің көркі қыздырды. Ермахан аға: «Қарсыласыңды жеңу үшін алдымен өзіңді жеңе біл. Мақсатқа жетер жолда шыдамдылық, сабырлық танытыңдар. Ертең елге қандай үлес қоса аласыңдар, соны ойлаңдар. Білім алудан, еңбек етуден ешқашан қашпаңдар.

Мемлекеттің болашағы сендердің қолдарыңда. Мен сендерге сенемін!» - деп, жастарға деген үлкен сенімін білдірді.

Кеш соңында М.О.Миров мырза аты аңызға айналған чемпионның иығына қазақтың шапанын жауып, университеттің "Парасат биігінде" энциклопедиясын табыс етті. Жиналған қауым бүгінгінің батырымен естелік суретке түсіп, кездесуден ерекше әсерде тарқасты.

Ақтоты САҒЫНҒАЗЫ,
филология факультетінің
2 курс студенті

УЧЕБА В ГЕРМАНСКОМ ВУЗЕ - ПРЕКРАСНЫЙ ВЫБОР

21 октября на базе Актобинского регионального государственного университета им.К.Жубанова состоялось тестирование на знание немецкого языка (OnDaF) среди студентов, магистрантов, преподавателей.

Тестирование, а также информационный семинар о стипендиальных программах в Германии были организованы при поддержке Германской службы академических обменов (DAAD). Директор информационного центра DAAD Бартоломеус Миньковски проинформировал участников семинара об образовательных программах, которых предлагает Германская служба академических обменов.

В онлайн-тестировании приняли участие студенты факультета иностранных языков, изучающих немецкий язык как второй иностранный, студенты технического экономического факультетов, а также учащиеся средней школы № 11. По итогам тестирования студенты набрали баллы соответствующие уровням A2, B1 получили языковой сертификат OnDaF.

Факультет иностранных языков в течение многих лет сотрудничает с Германской службой академических обменов. Ежегодно студенты и преподаватели участвуют в стипендиальных программах и проходят стажировки в ВУЗах Германии.

Германская служба академических обменов DAAD – организация высших учебных заведений и студенческих объединений Германии, созданная с целью интернационализации в академической и научной среде. Она дает доступ к лучшим возможностям для получения высшего образования и проведения научных исследований в Германии для студентов, ученых и преподавателей вузов путем предоставления стипендий.

Вы хотите учиться или заниматься исследовательской деятельностью за рубежом? Почему бы не в Германии, стране идей! Для нынешней обстановки в ВУЗах Германии характерны многочисленные инновации, растущее многообразие и международный характер и оказание большого содействия в проведении исследований на высшем уровне. В ходе Болонского процесса многочисленные

учебные программы перешли на систему признанных на международном уровне степеней бакалавра и магистра, и этот процесс еще не завершен. Среди них – многочисленные совместные учебные программы, созданные в сотрудничестве с иностранными ВУЗами, а также более 1000 англоязычных факультетов с международной ориентацией, особенно актуальных для иностранных студентов. Учеба в ВУЗах Германии имеет и другие преимущества: хороший сервис, сопровождение и бесплатное обучение.

Существуют очень много прекрасных возможностей для учебы в ВУЗах по всей Германии, учитывающих индивидуальные интересы студентов и их потребности. 423 университета, специализированных высших учебных заведения, высших художественных, педагогических, теологических и административных училищ, предлагающих огромный выбор предметов и учебных программ. Здесь каждый найдет учебную программу по вкусу, во всех направлениях, от учебных программ иностранных языков, медицины, культуроведения и юриспруденции, экономики, социологии и вплоть до учебных программ искусства, музыки, актерского мастерства, дизайна, а также медицины, агрономии, лесного хозяйства, бюджетной экономики и диетологии. Для каждого направления существует соответствующее предложение.

Многочисленные стипендии могут помочь для организации и финансирования учебы или исследовательской деятельности за рубежом самым важным адресом является Германская служба академических обменов (DAAD). DAAD является самой крупной в мире организацией, оказывающей содействие осуществлению международных обменов для студентов или ученых. В 2013 г. служба DAAD оказала содействие более чем 50 000 иностранных студентов, аспирантов и преподавателей высших учебных заведений. Предлагается множество программ по оказанию



содействия, позволяющих заинтересованным иностранным студентам сделать пребывание в Германии целевым и индивидуальным. Так, например, существует классическая стипендия для аспирантов, исследовательские стипендии для кратковременного пребывания в Германии, стипендии на год, на семестр и на краткое пребывание. Кроме того, многие другие фонды распределяют стипендии, выбирая кандидатов по конкретным критериям и по определенным направлениям их учебы.

В ближайшее время студенты, магистранты, докторанты и ученые могут принять участие в следующих программах:

СТИПЕНДИИ ДЛЯ СТУДЕНТОВ

Летние вузовские курсы
Продолжительность 3-4 недели
Условия участия в конкурсе:
- 2-3 курс бакалавриата, 1 курс магистратуры
- знание немецкого языка (минимум B1)
- языковой сертификат OnDaF
Подача документов до 1 декабря 2016 года

СТИПЕНДИИ ДЛЯ ПОСЛЕДИПЛОМНОГО ОБУЧЕНИЯ

Магистратура для всех специальностей
Продолжительность: 1-2 года
Условия участия в конкурсе:

- диплом о высшем образовании или обучение на последнем курсе бакалавриата
- знание немецкого или английского языка
Подача документов до 5 ноября 2016 года

СТИПЕНДИИ ДЛЯ УЧЕНЫХ

Исследовательские стипендии
Продолжительность 1-12 месяцев
Условия участия в конкурсе:
- подробный исследовательский план
- приглашение профессора из Германии
Подача документов до 15 ноября 2016 года
Научные стажировки для ученых и преподавателей вузов
Продолжительность 1-3 месяца
Условия участия в конкурсе:
- степень кандидата/доктора наук
- подробный исследовательский план
- приглашение немецкого коллеги
Подача документов до 15 ноября 2016 года.

Знаменитые традиции немецких университетов берут свое начало еще в 14 веке и гарантируют сегодня высокий уровень образования и научных исследований.

Открой для себя безграничные возможности!

Салтанат ИСКИНДИРОВА,
декан факультета иностранных языков

СЕРПІННІҢ СЕҢІМДІ САРДАРЛАРЫ

«Серпін-2050» жобасы бүгінгі таңда бүкіл жастардың оқу жүйесін нығайтып жүрген ірі бағдарламалардың бірі. Бағдарламаның үйлестіру кеңесінің төрағасы Мұрат Әбеновтің бастамасымен ілгері басып келе жатқан жоба бойынша білім алып жатқан жастардың қарқыны жылдан жылға даму үстінде.



Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университетінің филология факультетіне келіп түскен серпіндіктер қатары толығы түсті. Өткен аптада олардың арасында жыл сайын өткізілетін «Аламан» жобасы аясында филология факультетінің сардар сайлауы өтті. Бұл сайлау университетіміздің студенттер және жастар ұйымдары жұмыс бөлімінің маманы Жәнібек Бейбітов, «Серпін» студенттерінің бас сардары Мөлдір Жеткізенова және филология факультетінің 2 курс серпіндіктерінің сардары Фариза Төлөпберген сынды белсенділердің жетекшілігімен ұйымдастырылды. Сайлауға түскен студенттер өздерінің біліктілігі мен жүйріктігін сынга салды. Дегенмен берілген үш тапсырмадан да сүрінбей өткен қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1 курс студенті Сымбат Бақытқызы алға суырылып шығып, серпіннің сардары болуға лайықты деп танылды.

Сымбаты келіскен, серпіннің сенімді сардары Сымбат Бақытқызы өз жұмыстарын таныстыру барысында келер уақытта серпіндер арасында көптеген шаралар ұйымдастырып, таланттарын шыңдау ісін қолға алатындығын айта кетті.

Алтынай ОРЫНБАЕВА,
қазақ филологиясы мамандығының 2 курс студенті

КІТАП КӨРМЕСІ Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналды

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерекесіне орай университеттің бас ғимаратының ғылыми кітапханасында «Жасай бер, мәңгі Қазақстан!» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.



Кітап көрмесінде тәуелсіздіктің тарихымен осы кезеңдегі ғылым және экономика салаларындағы жетістіктерді кеңінен насихаттау көзделген. Арманы ақиқатқа айналған ата-бабалардың тар жол, тайғақ кешуді бастан өткерген кезеңдерінен де мол мағлұмат алуға болады. Тәуелсіз еліміз ширек ғасырға жуық уақыт ішінде қаржы дағдарыстарының қиындықтарына қарсы тұра білді. Тұрақты даму жолына түсіп, биік белестерді бағындырды.

25 жыл – ширек ғасыр. Өткенге қорытынды жасап, «Мәңгілік Ел» болуға бекінген мемлекетіміздің бүгінгі мен келешегі туралы ой толғайтын есепті жыл Тәуелсіздікті баянды ету жолында аға буын салған сара жолды да тілге тиек етуге болады. Көрмеге Мұхтар Шахановтың «Желтоқсан эпопеясы», Болатбек Төлөпбергеннің «Қасиеттім-Желтоқсан!», Талас Омарбековтің «Тарихпен өрілген тағдыр», Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан жолы», С.Сыздықовтың «Бейбітшілік кіндігі», С.Қанаевтың «Мәңгілік ел» идеясы және Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін баяндайтын әдебиеттер ұсынылды. Сондай-ақ, «Ехро-2017» – Астана мерейі» атты Қазақстанның елордасы – Астананың тарихы мен өмірі жайлы кітаптар, «Астана ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесі туралы мәліметтер мен баспасөз басылымдары қойылды.

Кітап көрмесін өткізудегі мақсат тәуелсіздік тұғырының биіктігін жас ұрпақ бойына сіңіру және оларды отансүйгіштікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу мәселелерін талқылау, жастарды бабалар аңсаған тәуелсіздік құндылықтарын қастерлеуге үндеуге арналды.

Айсұлу САРИЕВА,
кітапхана директорының орынбасары

ИСТОРИКИ ВНЕДРЯЮТ НОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ



Российской империи. Особое место было отведено вопросу о национально-освободительном восстании 1916 года - протесту казахов против царского указа от 25 июня 1916 года о мобилизации в армию на тыловые работы «инородного» мужского населения Казахстана, Средней Азии и частично Сибири в возрасте от 19 до 43 лет.

Студенты на открытом занятии работали в мини-группах, использовали интерактивные методы: ассоциативные карты, тестовые задания, решали кроссворды, работали с картой. Перед студентами была постав-

лена SMART-цель, которую они достигли, эффективно используя критерии оценивания знаний. Открытое занятие посетили заведующий кафедры отечественной истории и исторических дисциплин д.и.н, доцент Исмагулов У.Ш., старший преподаватель кафедры Ли И.К. Открытое занятие проводилось под руководством доцента кафедры отечественной истории и исторических дисциплин, к.и.н. Бегимбаевой Ж.С.

Бесспорно, инновационные методы обучения имеют преимущества перед традиционными, ведь они способствуют развитию студента, учат его самостоятельности в познании и принятии решений. На историческом факультете проходит эффективное внедрение новейших технологий обучения в учебный процесс.

БИТУРИН Руслан, ФОМЕНКО Алина
студенты 3-го курса
исторического факультета

С наступлением эпохи глобализации системы образования большинства развитых стран мира находятся в состоянии непрерывной модернизации и реформирования. По темпу внедрения инноваций в области образования Казахстан находится в числе передовых.

18 октября 2016 года у студентов 3-го курса специальности «5В020300 - история» исторического факультета прошло открытое занятие по дисциплине «Новая и новейшая история Казахстана» по теме: «Утрата Казахстана государственной независимости и превращение его в колонию Российской империи». Для обеспечения наглядности обучения студенты эффективно использовали программное обеспечение – презентацию PowerPoint. Содержательные выступления студентов были подготовлены по темам, посвященным проведению и последствиям административных реформ в Казахстане во второй половине XIX века, участию казахских депутатов в Государственной Думе

Научная библиотека

ПРЕЗЕНТАЦИЯ В ЭЛЕКТРОННОМ ЗАЛЕ

25 октября в электронном зале Актюбинского филиала АО «Республиканской научно-технической библиотеки» состоялась презентация БД «Диссертации Российской государственной библиотеки» для магистрантов 1 курса.



Заведующая отделом Автоматизированных библиотечно-информационных систем Азимова Жадыра Жеткергеновна рассказала о проекте Электронной библиотеки Диссертаций Российской государственной библиотеки, объеме фонда, периоде охвата, составе фонда диссертаций и авторефератов.

В практической форме объяснила правила регистрации и поиска документов в РГБ. Электронная библиотека диссертаций Российской государственной библиотеки (ЭБД РГБ) – это доступ к полным текстам авторефератов и диссертаций по 24 направлениям науки.

Электронная библиотека диссертаций РГБ – это уникальный шанс для тысячи ученых по новому реализовать возможности свои и коллектива, сформировать свои научные взгляды с учетом знаний, наработанных десятилетиями.

В ходе презентации магистранты извлекли много полезного и нового в области научной работы, были заданы множество вопросов для их дальнейшей профессиональной и научной деятельности, на которые они получили ответы.

Гульнара УНАЛБАЕВА,
директор научной библиотеки

Мамандалар Журналісті

Мейіржан Әлібекұлы шеберлік сағатын өткізді



Әлемдегі болып жатқан саяси, әлеуметтік, мәдени жаңалықтарды халыққа хабардар етіп отыратын журналистер қауымы екені баршамызға белгілі. Журналистер әрқашанда тың жаңалықтардың жаршысы болып жүреді. Қазақ журналистика саласында жілігін шағып, майын ішіп жүрген азаматтар мен азаматшалар да аз емес. Сол кісілердің бірі де бірегейі, ҚР Ақпарат саласының үздігі, "Халық сүйіктісі" ұлттық жүлдесінің иегері, "Нұр-Сұңқар" байқауының жеңімпазы - Мейіржан Әлібекұлы.

16 қазан күні қаламыздағы "НҰР ОТАН" бас ғимаратында Мейіржан Әлібекұлы "Тележурналистің өзіндік стилі мен имиджі" тақырыбында шеберлік сағатын өткізді. Шеберлік сағатына университетіміздің бір топ студенттері және мектеп оқушылары, сонымен қатар жас оқытушылар да қатысты. Елдің өзекті мәселелерін қозғайтын М.Әлібекұлымен кездесу «журналист болсам» деп армандап жүрген жастардың қиялына қанат бітіргендей болды. Жастар саналарында жүрген сансыз сұрақтарын қойып, белді журналистен ұтымды жауаптар алды. Белгілі журналист жиналғандарға өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, ақыл-кеңестерін ортаға салды.

"Адамға өмірде білім қаншалықты қажет болса, журналистке де ізденіс соншалықты қажет" - деді ақпарат саласының үздігі М. Әлібекұлы.

Шеберлік сағаты өте жоғары деңгейде өтті. Кездесу соңында әр қатысушыға сертификаттар берілді. Жастар танымал журналистпен естелік суреттерге түсті.

Бұлбұл ІЗТІЛЕУ,
филология факультетінің студенті

Мен қаламаған мамандық

Адам балалық шағында «мен мұғалім болам», «мен дәрігер болам» деп қызығушылықпен айта салуы мүмкін. Дегенмен есейе келе әр адамның жүрегінде бір мамандыққа деген сүйіспеншілік, алға қойған мақсат пайда бола бастайды. Бірақ жастардың барлығы қалаған кәсібі бойынша білім алуға қол жеткізе ала ма? Сүйікті мамандығында білім ала алмаған студенттің алдағы күні не болмақ? Кінәні кімнен іздейміз? Әрине, бұл өте өзекті тақырып.

Мәселенің сырын аша түсу үшін біз студенттерді сөзге тарттық. Олардың арасынан қаламаған мамандығы бойынша білім алып жүрген жастар да табылды.

Гүлмарал ҚАНСҰЛТАНОВА,
- Филолог мамандығына түсу, үш ұйықтасам да түсіме кірмеді. ҰБТ аяқталған соң, Алматыға жол тарттым. Сондағы Т.Жүргенов атындағы өнер академиясына оқуға түсуге бір ай дайындалып, емтихан тапсырдым. Алайда грантка іліге алмадым. Сөйтіп, ауылыма қайтып келдім. Қ.Жұбанов атындағы АӘМУ-не қазақ филологиясы мамандығына грантка түстім. "Өнер академиясында қалаған мамандығым бойынша оқығанымда, бәлкім, бәрі басқаша болар ма еді" - деп кейде сабақ үстінде ойға көтемін. Алайда, осы мамандықты қаласамда, қаламасамда кәсіби деңгейде білім алып шығуға міндеттімін. Себебі өз кәсібіңнің білгірі болмасаң, ел болашағын көркейтуге, халыққа қалай қызмет етпексің?!



Ақерке ЖОЛМАҒАМБЕТ,
- Физика пәнін таңдаған кезімде Алматы қаласындағы Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінде «мұнай және газ ісі» мамандығы бойынша білім алып, болашақта осы істің маманы болатынымды ата-анаммен ойласып, бірге шешкен едік. Бұл мамандық нәсімен қызықтырды десеңіз, жасыратыным жоқ, өрине ең алдымен ақшасына мен бердім, сосын өзіме де қатты ұнайтын ҰБТ-дан жинаған көрсеткішім, екіншіше орай, армандаған мамандығым бойынша тегін оқуға түсуге жетпеді. Амал жоқ құжаттарымды «мегаллургия» мамандығына тапсырып. Жұбанов университетіне аталмыш мамандық нәсімінде ақысыз оқуға қабылдандым. Студенттік өмірімнің басталғанына біраз уақыт өтседе, өлі бойымнан металлург мамандығына деген жылылық бәйкемадым. Келешекте магистратураны өзім қалаған «мұнай және газ ісі» мамандығымен жалғастырсам деген мақсат бар.

Айбану МАҚСОТ,

- 5 сыныптан бастап «қазақ тілінің маманы боламын» деп армандап келдім. Мектепте жүргенде қазақ тілі бойынша облыстық олимпиадаларға, түрлі шаралар мен жарыстарға қатысып, жүлделі орындарды иеленіп жүрдім. "Мен - Отанның баласы" атты өлеңдер жинағымды да жарыққа шығардым. Оқуға құжат тапсырған кезімде 4 мамандықты көрсету қажет болды. Соның үшеуіне қазақ тілі мен әдебиеті, ал соңғысына орыс тілі мен әдебиетін жаздым. Ол да бір өмірдің сынағы шығар, қаламаған орыс тілі мен әдебиеті мамандығына грантка ілігіппін. Амал жоқ, сол мамандық бойынша білімді шыңдауға тура келді. Кейде қазақ тілі мен әдебиетінде оқығанда бәрі басқаша болар ма еді

деген ойлар мазалайды. "Орыс тобында оқығаным, барлық мүмкіндіктерімді шектеді-ау" - деп ата-анама хабарласып, бір жылап алатын кездерім де болады. Ойымдағы бар нәрсені орыс тілінде жеткізу мен үшін қиындық туғызады. Мен бірақ ата-анама «оқимын» деп уәде бердім. Сондықтан сол кісілердің үмітін ақтауға тиістімін

Қаламаған мамандық жайындағы психолог маманның да пікірін білдік. Психолог Жанна Нұрланқызы «Өзі сүймейтін мамандыққа түсуде ата-ана кінәсі басымрақ келеді. Оның себебі, бірі әке-шешенің көзінде іске асыра алмаған арманын баласы арқылы жүзеге асыру болса, екінші біреулері баласының жәй мамандық

иесі болғанын қаламайды.Әрине, бұл орайда өз ойына табандылық таныта алмаған балада да кінә бар. Көп жағдайда бала әке-шешесіне қарсы келмегендіктен бә, өмірлік тәжірибесінің аздығынан ба, ата-ананың қарай кетіп жатады.

Мектепке келетін болсақ, мамандық таңдау бойынша баламен жұмыс 9 сыныптан бастап жүргізіледі. Баланың қай мамандыққа бейімді екенін білу мақсатында, біз психологтар, түрлі тесттерді жылына 2-3 рет жүргіземіз. Шыны керек, бұл қарап тұрсақ өте аз. Осы жолда мектеп пен ата-ана тарапынан көп көңіл бөлінуі тиіс. Себебі әрбір адам үшін мамандық таңдау - болашағын таңдаумен тең.

Материалдық жағдайда кейде бала мүмкіндігін шектеп жатады. Кейде тегін оқуға түсе алмаған студент, "әйтеуір қолымда диплом болса болды ғой" - деп көз - келген оқуға бара салады. Оған да таңданбаңыз, өйткені қазіргі таңда бұл қалыпты жағдай. Студенттерге айтар кеңесім: Қалаған мамандығында оқымағыңыз кінәні өзінен немесе ата-анасынан іздеудің, ренжудің еш реті жоқ. Сүйікті ісіңнің маманы атану жас талғамайды. Сондықтан бүгін қолы жетпесе, 10 жылдан соң немесе одан аз уақытта қол жеткізуі мүмкін. Жігер, ынта, мақсат болса бәріне қол жеткізуге болады. Себебі адам баласының мүмкіндігі шектеусіз», - деген ойын жеткізді.

P.S. Материалды газетке дайындау кезінде Гүлмарал мен Ақеркеңің өз қалаған мамандығына ауысқанын білдік. Жастарға болашақ өміріңіздің мәнді болуына айтарлықтай әсері бар мамандығыңызға бей-жай қарамай, бүгіннен бастап бойыңыздағы қызығушылық пен қабілетті таразыға салып, дұрыс шешім қабылдаңыз дегіміз келеді.

Айгерім ЕРЛЕПЕСОВА,
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенті

Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат Министрлігі Ақпарат және Мұрағат комитеті
Мерзімді баспасөз басылымдарын және ақпарат агенттіктерін есепке алу туралы 2014 жылғы 12 ақпанда тіркеліп №14155-Г куәлігі берілген

Бас редактор Кужахметова Д.Т.
Тілші Арен Ж.С.
Маман Жалғасбаева М.Ж.
Корректоры Адилханова С.Ж.

Меншік иесі:
Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университеті

Газет ЖШС «Хабар Сервис»
баспаханасында (Ақтебе қаласы, Смағұлов көшесі, 9 «К» басылады.
Тел: 8(7132)545-545, 400-400.

Тапсырыс №144 Таралымы 3000

Біздің мекен-жайымыз:
030000, Ақтебе қаласы, Ә. Молдағұлова көшесі 34 үй. 2-қабат, 200^б белме. Келемі 2 баспа табақ. Газет айына 2 рет шығады.

Газет редакциясына келіп түскен қолжазбалар мен фотосуреттер қайтарылмайды.